



Аудан тынысы

№ 56 (565) ЖҰМА, 10 шілде 2015 жыл

2010 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ЕЛБАСЫ ГЕРМАНИЯНЫҢ АЛТЫН БЕЛГІСІМЕН ЖӘНЕ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

2015 жылдың 6 шілдесінде Берлиндегі Қазақстан елшілігінде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев марапатталған Германияның қоныс аударушылар жөніндегі ұйымдар Одағының Алтын белгісі мен Құрмет грамотасын табыс ету рәсімі өтті.

Миллиондаған неміс ұлтты бұрынғы Қазақстан азаматтарының атынан Бундестаг депутаты Генрих Цертик, Германияның қоныс аударушылар ұйымдары одағының төрағасы Вальдемар Айзенбраун, Қазақстан немістері қоғамының төрағасы Анатолий Граф «Қазақстанның миллионға жуық неміс ұлтты бұрынғы азаматтары туып-өсіп, білім алған елі – Қазақстанмен отбасылық, іскерлік және мәдени байланыстарды үзбей, оны мақтан тұтады», – деп атап өтті. Олар қиын-қыстау заманда қазақ халқының неміс халқын құшақ жайып қабылдағанын ешқашан ұмытпайтынын айтты.

Қазақстанда қазіргі уақытта неміс диаспорасының әлеуметтік-экономикалық дамуы және мәдени ерекшелігі қамтамасыз етілген, неміс тілі белсенді дамып келеді, неміс театры, газет, радио және ТМД-ғы бірінші болып ашылған Алматы қаласында Қазақ-Неміс университеті жұмыс істейді. «Осының барлығы тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президентінің сындарлы саясатының арқасында мүмкін болып отыр. Германияда неміс халқының Қазақстанда қолдау жөніндегі екіжақты ынтымақтастық ҚР мен ГФР арасындағы мәдени-гуманитарлық және сауда-экономикалық салалардағы қатынастарын жалғастырады деген сенім білдірді.

Сондай-ақ қазақстандық дипломат Германияның қоныс аударушылар ұйымдары одағы Қазақстанмен ұзақ жылдар бойы жемісті қарым-қатынас жасап отырғанын атап өтіп, екі ел арасын қосатын «жанды көпір» саналатын ҚР неміс ұлтты азаматтарын қолдау жөніндегі екіжақты ынтымақтастық ҚР мен ГФР арасындағы мәдени-гуманитарлық және сауда-экономикалық салалардағы қатынастарын жалғастырады деген сенім білдірді.

ОРТАЛЫҚ МЕШІТКЕ ХАЛИФА АЛТАЙДЫҢ ЕСІМІ БЕРІЛДІ



2012 жылдың тамызында Өскеменде мұсылман қауымға есігін айқара ашқан жаңа мешіт осыдан былай дінтанушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, марқұм Халифа Алтайдың есімімен аталатын болды.

Облыс орталығындағы ең үлкен ғибадат үйіне Халифа Алтай есімін беру туралы ұсыныс «Мешітімізге Халифа Алтай есімі берілсе...» деген тақырыппен «Дидар» газетінің биылғы сәуірдегі санында көтерілген болатын.

«Алмас кездік қап түбінде жатпас» деген. Еліміз өз тәуелсіздігін жариялай салысымен, атажұртын аңсап, алды-артына қарамай асыға жеткен қазақтың аяулы перзенті Халифа Алтайдың есімі ел ішінде ерекше құрметті. Қазір кез-келген қазақ отбасының төрінен құрметті орын алатын қасиетті Құран Кәрімді араб тілінен аударған Халифа ақсақал екендігін екіншісі біледі. Бұл мәселе ҚМДБ-да бірауыздан қолдау тауып, оң шешімін тапты. Қазір құжаттарын әзірлеп жатырмыз. Бұйырса, айт меркесінде ресми атауын алып қалады, – дейді облыстың бас имамы Нұрлан қажы Байжігітұлы.

БАҚ беттерінен

МЕНИҢ ТАҒДЫРЫМ –

БАҚЫТТЫ ТАҒДЫР

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың әрбір жаңа еңбегінің жарық көруі еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі елеулі оқиғаға айналып келеді. Соңғы жылдарда «Егемен Қазақстан» газетінде жүйелі жарияланып жүрген «Өмір өткелдері» атты сұхбат кітабы да сол санаттан табылатыны талассыз. Жақында ол кітап астаналық «Фолиант» баспасынан көркем безендіріліп шықты. «Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өмірі – өзгеше, өнегелі өмір. Екі өркениеттің – Шығыс пен Батыстың қиюласқан жерінде, әлемнің екі бөлігінің – Азия мен Еуропаның тоғысқан тұсында, екі саяси жүйенің – тоталитаризм мен демократияның, екі экономикалық жүйенің – жоспар мен нарықтың от пен судай шарпысқан шағында шарболаттай шыңдалған, өзінің туған Қазақстанын бүкіл әлем танитын, құрметтейтін елге айналдырған тұлғаның тағылымды тағдыры қандай оқырман үшін де қызықты. Кітапта журналист Сауытбек Абдрахмановқа өзінің өмірі жайында әңгімелей отырып, Нұрсұлтан Назарбаев заман, қоғам, адам туралы терең толғанады. Елбасының сұхбат кітабын ой көзімен оқыған адам ғибратты ғұмырдан көп тағылым ала-



тыны талассыз», делінген кітап аннотациясында. Бүгін біз Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Өмір өткелдері» сұхбат кітабына жазған алғысөзін оқырмандар назарына ұсынып отырмыз. «Журналистік жұмысымда еліміз егемендігінің елең-алаңынан бастап бүгінгі биігіне дейінгі белестерінің бәрі жайында үзбей қалам тербеп келе жатқанымды Сіз жақсы білесіз деп сенемін.

(жалғасы 2-ші бетте)

АУДАНЫМЫЗДА “АСТАНА КҮНІ” ТОЙЛАНДЫ

“Астана күні” мерекелеу бүкіл Қазақстан көлемінде аталып өтуде. Астана еліміздің бас қаласы болғалы беделі мен маңызы күннен-күнге өсуде. Өзге ел өкілдерінің елордамызға қарап тамсанатыны рас. Ерекше үлгіде салынған зәулім сарайлар көздің жауын алады. Бас қала – тыныштық пен тұрақтылық үйлескен Қазақстанның мақтанышы.

“Астана күні” мерекелеуде біздің ауданымыз да шет қалмай, 6 шілде күні кең көлемде мерекені атап өтті. Таңертеңнен бастап аудан тұрғындары ауа райының қолайсыздығына қарамастан Мәдениет үйінің алаңына жинала бастады. Елордамыздың туған күніне орай мерекелік жәрмеңке ұйымдастырылып, халыққа қажетті ет, сүт өнімдері, жеміс жидектер, жарма және басқа да халықтың тұтынатын тауарлары арзан бағамен сатылды. Жәрмеңкеге Белағаш, Бородулиха, Дмитриевка, Подборный, Новодворовка және Андреевка



ауылдық округтері белсене қатысты. барлық ауылшаруашылығы өнімдері 689500 теңгеге сатылды. Ал, Мәдениет үйінің әртістері халыққа арнап өздерінің әсем әндерін шырқады. Жиналған жұрт жәрмеңкеден арзан бағамен алған азық-түлік бағасына риза болып, көптеген әндерді нақышына келтіре орындаған әншілерге тәнті болып ерекше көңіл-күймен үйлеріне тарқасты.

(жалғасы 2-ші бетте)

МЕНІҢ ТАҒДЫРЫМ –



Қазақстанның тәуелсіздік тарихына қатысты кітаптардың, газет-журнал мақалаларының барлығын оқып шықтым десем артық айтқандық емес. Туісті әдебиетпен тыңғылықты танысу барысында Сіздің ғибратты ғұмырыңыз, елмен етене өміріңіз, тағдырыңыздың тартысқа, тіреске толы тұстары, еліміздің егемендікке жету жолы, қирандыдан, құландыдан мемлекет құру, Қазақстанды аз жылдың аясында алыс та, жақын да, Батыс та, Шығыс та мойындайтын, санасатын, құрметтейтін елге айналдыру, жер-жаһанға таныту, қазақтың есіктегі басын төрге, төр болғанда да Еуропаның төріне шығару, ЭКСПО сынды жаһандық көрме өткізу құқын дүние дидарындағы небір мықты мемлекеттермен тартыста тартып алу, елді әлемдік қаржы дағдарысы қыспағынан бірнеше рет алып өту, экономикасы қуатты, саясаты тұрақты, таңы тыныш ататын, кеңі тыныш бататын, халқы ұйқыға алаңсыз жататын, ертеңіне сенетін, ел бастаған ерге екі тізгін, бір шылбырды беретін, қиындықты да, қуанышты да бірге көретін ынтымақшыл ел жасау жолындағы қиямет-қайым қиын әрі қасиетті тарихымыз туралы ақ жарыла, ақтарыла ой толғауыңыз әбден орынды, тіпті, қажетті екендігіне көзім бұрынғыдан да жете түсті. Сіздің өз өміріңіз туралы әңгімеңізді, адам, заман, қоғам туралы ойларыңызды бір кітапта, жүйелеп айтып шығуға қандай тақырыпты да емін-еркін баяндауға мүмкіндік беретін сұхбат жанры ыңғайлы келеді. Осы кітаптың идеясын кезінде, шетелдік сапарларыңыздың бірінде өзіңізге бір ауыз айтқанмын. Сіз қолдағансыз. «Ол үшін сенімен ұзақ отыру керек болады ғой», деп едіңіз. Кітаптың белгілі бір тақырыптарға арналған тараулар бойынша құрастырылғаны оқуға ыңғайлы әрі тартымды болмақ. Фидель Кастроның әлемнің жиырмадан астам тіліне аударылған «Моя жизнь» деген көлемді сұхбат кітабы (М., 2009) өмірдің кезең-кезеңдері, белгілі бір тақырыптар бойынша тарауларға бөлінген. Өте қызықты оқылады. Фидель Кастромен сұхбаттасушы журналист Игнасио Рамоне ол кітаптың диктофондағы жазбадан сол күйінде түсе қалмағанын ескертеді. Куба жетекшісі айтқандарын қайталап отырмау үшін керек жерінде бұрын сөйлеген сөздеріне, жасаған мәлімдемелеріне, баяндамаларына жүгінуді өзі ұсынған екен. «Ол маған үзінділерді алып, біздің сұхбатымыздың мәтініне қосуға рұқсат берді», деп

жазады Игнасио Рамоне. Сондай рұқсатты Сізден де алатыныма сенгім келеді. Кей тұстарда кітаптардан, баяндамалардан, сөздерден үзінділер мәтінге сыналанып, дәйектеме ретінде салынып отырса орынды шығар еді. Ауызша әңгіменің қағазға түсірілген нұсқасын дайындап берген соң әр тарауды өзіңіз үстінен қарап, қажет де-

БАҚЫТТЫ ТАҒДЫР

ген жайларды, үстемелей айтылуға тиіс ойларды жазып отырсаңыз, оған уақыт, мүмкіндік таппаған тұста соларды толықтырып айту үшін қосымша шақырсаңыз жақсы болар еді. Сіздің өз өміріңіз жайындағы сұхбат кітабыңыз қай жағынан қарағанда да пайдалы, қажетті боларына сенемін. Жасыратыны жоқ, халқымыздың бәрі бірдей бүгінгі бейбіт, бақуат өмірдің қандайлық қиындықпен келгенін жетік біле береді, қадіріне толық жетеді деп айта алмасақ керек. Осының бәрі өзінен-өзі келіп жатқандай, солай болуға тиістідей көретіндер де кездеспейді емес. Айналасы жиырма шақты жылда біздің жағдайымызда Америкадай аршындап кету, Жапониядай жайнай қалу мүмкін болмай-тынын түсінбейтіндер де табылады. Бұл тұрғыдан қарағанда Сіздің өміріңіз жайындағы әңгіме ең алдымен жас оқырмандар үшін керек. Сіздің қарауыңызға болашақ кітап тарауларының тақырыптық жобасын ұсынып отырмын. Тараулардың шартты түрде қойылған атынан ондағы әңгіменің не жөнінде болатыны көрініп тұр деп ойлаймын». Бұл – журналист Сауытбек Абдрахмановтың осыдан бірер жыл бұрын менің атыма жолдаған жазбасы. Жазбаны алған соң біраз уақыт ойланап жүрдім. 1991 жылы, Тәуелсіздік жарияланғанға дейін Мәскеудің «Молодая гвардия» баспасынан жарық көрген «Әділеттің ақ жолы» деген кітабымда өмірбаянымның өткелдері жайында біршама әңгімелеген едім. Одан бері де ширек ғасырдай уақыт өтті. Өмір өзгерді. Сана өзгерді. Кейінірек шыққан «Ғасырлар тоғысында», «Қазақстан жолы» кітаптарыма негізінен экономиканың, саясаттың мәселелері қозғалды. Оларда өзім туралы әңгімелеп жатуды артық көрдім. Сауытбек ұсынған сұхбат жанры өз бетінше қозғаудың кілтін таба бермейтін жайларды айтуға жақсы мүмкіндік жасайды екен. Ал дұрысында, айтатын жай жеткілікті. Менің тағдырым – бақытты тағдыр. «Блажен кто посетил сей мир в его минуты роковые» деп Тютчев жазғандай, менің маңдайыма мына жарық дүниеге тарихтың тар тұсында келудің, айналасы жарты ғасырдың о жақ, бұ жағында бүкіл әлемді төңкеріп түсірердей ғажайып өзгерістерді көрудің, жаңа мемлекет құрудың, сол ұлы істің басында тұрудың бақытын жазған екен. Көп нәрсені көрдім, көп жайды өзегімнен өткердім. Өмір жолым төселген тақтайдай тегіс болған жоқ, алдымнан талай кедергілер кездесті, олардың кейбірін заман қойды, кейбірін қоғам қойды, кейбірін адам қойды. Шүкіршілік, бәрінен де өтіп, бүгінгі күнге жетіп отырмын. Қазақстан халқының әлемдік өркениет көшіне қуатты мемлекет күйінде, халықаралық қоғамдастықтың сыйлы мүшесі ретінде, бүгінгі бақытты, ертеңгі еңселі ел ретінде қосылғанын көріп отырмын. Мың тәубе! 2015 жылғы президенттік сайлауда Қазақстан халқы бүкіл әлемге өзінің кемеңгерлігін көрсетті, ел бірлігіне беріктігі мен кемел келешекке сенімін көрсетті. Президент сайлауына бүкіл халық бір кісідей қатысатын, бүкіл халықтың таңдауы бір кісіге түсетін ел, біздің еліміз – Қазақстан Республикасы – ынтымақшылдықтың, ауызбірліктің ғажайып үлгісі. Инаугурацияда сөйлеген сөзімде «Өмірін халқының бақыты жолына арнаған жанға бұдан зор құрмет болмайды. Мен үшін ел сенімінен асқан мәртебе жоқ, сол сенімді ақтаудан артық бақыт жоқ. Сол себепті, мен Қазақстанның жарқын болашағы жолында қандай тәуекелге де дайынмын», деп айтқанмын. «Сіздің өміріңіз жайындағы әңгіме ең алдымен жас оқырмандар үшін керек» деген сөздің жаны бар. Мемлекет басшысының өмір жолы ел азаматтарының қай-қайсысына да қызықты десек те, өмір айдынына жаңа құлаш жайып жатқан жастардың орны бөлек екені түсінікті. Біздің жастарымызға осының бәрін қалай басталғаны, оқиғалардың қалай өрістегені, ел үшін сондайлық күрделі кезеңде қабыл-данған қандай да бір шешімдердің негізгі ой қисыны неде екендігі жөнінде нақты фактілер мен әділ талдаудың жетісе бермейтін кезі көп. Сондықтан мен бұл кітапты біздің еліміздің болашағын қалайтын, жерімізді аялайтын, қорғайтын жас қазақстандықтарға арнап әңгімелеп шықтым. Бүгінде тәуелсіздіктің таң сәрісінде дүниеге келген балалардың өзі университет, институт бітіріп, үлкен өмірге аяқ басты. Адамның жаратылысы сондай, ол өткенді тез ұмытуға бейім тұрады. Еліміздегі бейбіт өмір мен игілікті тірлік, біз бастан кешіп жатқан экономикалық дүр сілкініс пен азаматтарымыздың өмірге құштарлығы, өз күшіне және ертеңгі күнге деген сенімділігі біз үшін кәдімгі жайға айналуда. Әр таң атқан сайын Астананың заулім ғимараттарын бойлап бара жатқан күннің нұрлы шуағына көз тоқтата бермейтініміз сияқты, біз оларды да байқай қоймаймыз. Ал, шынтуайтында, біз ширек ғасырлық осы жасымызда ірі істерді атқара алдық. Бүгінде талай адам Қазақстанның жетістігін «Еуразияның экономикалық кереметі» деп атайды. Кітапта мен осы табысқа жетудің әрбір қадамы қандайлық ауыр, азапты болғаны жайында айттым. Біздің мемлекетіміздің қалыптасуының әр белесінде менің иығма түскен жауапкершіліктің аса ауқымдылығын, зіл батпан салмағын сезінсе екен деймін жас ұрпақ. Әрине, негізінен ғұмырбаяндық кітап болғаннан кейін мұндағы көптеген тараулар менің балалық шағыма, мектептегі жылдарыма, Днепродзержинскіде оқыған кезіме, Теміртауда еңбек жолымның басталуына, Қазақстан Магниткасындағы партия ұйымын басқарған, қалалық, облыстық партия комитеттерінің, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы, Үкімет басшысы болған кезімдегі қызметіме арналғаны өзінен өзі түсінікті. Дегенмен, менің кітабымның негізгі арқауы – Қазақстанның жаңа тарихының ең бір қиын да жарқын сәттері. Сұхбат кітабының тараулары қайсыбір кезеңдердегі қоғамның саяси көңіл-күйін түсінуге немесе еске алуға көмектеседі, ал экономикалық талдау неғұрлым зерделі оқырмандарға осы жылдардағы жағдайды ойша қалыптауға мүмкіндік береді. Менің бүкіл өмірім дерлік басқару жұмысымен өтіп келеді. Комбинатта, қалада, облыста, республикада басшылық жұмыста дәйім адамдар тағдырымен істес болдым. Олардың әрқайсысының өзіндік орны бар. Мен өзім араласып-құраласқан адамдардың жетістік-кемістігі, өмірімде қалдырған ізі, әкелген қуанышы мен өкініші туралы да айтуды жөн деп таптым. Осындай кітап дайындау жөніндегі идеяны ұсынған, менің айтқан әңгімелерімді қағазға көңілдегідей етіп түсіре білген, орынды, білікті сұрақтарымен тақырыпты жақсырақ ашуға септесіп отырған сұхбаттасушыма – көрнекті журналист, тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бергі сенімді серіктерімнің бірі Сауытбек Абдрахмановқа бірлесе атқарған жұмыс үшін разылығымды білдіруді парыз санаймын. Рас, сұхбаттасуға көңілдегідей көп уақыт бөле алмағандықтан о баста ойластырылған біраз тақырыптар бұл кітапта қозғалмай қалды. Тегінде, олар келер күндердің еншісі болар.

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ

АУДАНЫМЫЗДА “АСТАНА КҮНІ” ТОЙЛАНДЫ

(Басы 1-ші бетте)

Ары қарай Елордамыздың туған күніне орай ұйымдастырылған мерекелік концерт кешкілік жалғасын тапты. Мәдениет үйінің алаңында ұйымдастырылған арнайы іс-шараға аудан тұрғындары, әсіресе жастар көп жиналды.

Мерекелік концертті Асқар Тілеуғазин мен Ашемакер Валентина жүргізді. Ауқымы кең шараның ажарын ашқан өңіріміздің өнерпаздары аянып қалмады. Көпшілік алдында Астана, Отан, Туған жер туралы көңілді әндер шырқап, әртүрлі билер биледі. Мерекелік көңіл-күй сыйлаған өнер иелері кешке жиналғандардың көңілін көтеріп, мерекенің көркін кіргізді. Лоторея билеттері ойналатын, сурет көрмесі ұйымдастырылды. Аудан әкімінің орынбасары Рысқұл Абузарқызы мерекеге жиналған аудан жұртшылығын Астана күнімен құттықтап, еліміз дамып, халқымыздың бірлігі мен тірлігі жараса берсін деп тілегін білдірді. Сондай-ақ меркелік от шашу маңызы мол кештің мәртебесін көтерді. Ауданымыздың тұрғындары аңтарыла қараған от шашу аспаннан жауған нұрдай болып, біразға дейін көкке көтеріліп, мерекеге ерекше көрік бергендей болды. Осындай әсем кеште ұйымдастырылған мереке жастардың би кешімен аяқталды.

М.ТҮЙЛЕБАЕВА



АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ СЕССИЯСЫ ӨТТІ

2015 жылдың 26 маусымында Аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында № 4 Жезкент сайлау округінің депутаты Кималидин Сағалбайұлы Әпеновтың төрағалық етуімен аудандық мәслихаттың кезекті отыз үшінші сессиясы болып өтті.

Сессия жұмысына Бородулиха ауданының әкімі Григорий Иосифович Акулов, облыс әкімінің қоғамдық көмекшісі Любовь Авдеевна Шокарева, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты Ерлан Әмірбекұлы Зайтенов, «Қазсушар» РМК ШҚФ директорының орынбасары Дулат Газизұлы Наккажин, ауылдық және кенттік округ әкімдері, дербес бөлімдердің, аудандық ұйымдар мен мекемелердің басшылары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Сессияның басында аудан әкімі Григорий Иосифович Акулов бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлерін алда келе жатқан «Ақпарат және байланыс күнімен» құттықтады.

Кезекті отыз үшінші сессиясының күн тәртібінде келесі мәселелер қаралды: «Бородулиха ауданында 2011-2020 жылдарға арналған «Ақ Бұлақ» бағдарламасының орындалу барысы туралы» Бородулиха ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің басшысы Иван Иванович Лаукарт баяндама жасады.

Бородулиха ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің басшысы Иван Иванович өз баяндамасында 2012-2013 жылдарда Бородулиха ауданы аумағында «Ақ Бұлақ» бағдарламасы шеңберінде үш сумен жабдықтау объектісі салынды. Бұл келесі объектілер: «Березовка шипажайының сумен жабдықтау желілерін реконструкциялау», «Ивановка, Сосновка ауылдарының сумен жабдықтау желілерін реконструкциялау» және «Ауыл ауылының сумен жабдықтау желілерін реконструкциялау».

Аудандық мәслихаттың депутаты Динара Әжіғұмарқызы Сәлімова баяндамашыға «Ақ Бұлақ» бағдарламасы бойынша салынған Ивановка, Сосновка ауылдарының және Березовка шипажайының су құбырларында үнемі су жоқтығына байланысты мәселені қозғады.

Аудандық мәслихаттың депутаты Юрий Геннадьевич Ковязин де Петропавловка ауылындағы тұрғындарды сумен қамтамасыз ету мәселесі бойынша сұрақтар қойды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Шығыс Қазақстан облысының Бородулиха ауданындағы 2013-2015 жылдарға арналған жер ресурстарын қорғау, топырақ құнарлығын арттыру бойынша жерді ұтымды пайдалану бағдарламасының орындалу барысы туралы Бородулиха ауданының жер қатынастары бөлімі басшысының м.а. Жасұлан Амангелдіұлы Мусин баяндады. Ж.Мусин өз баяндамасында ауданда жер телімдерін түгендеуді өткізу нәтижесінде 11 нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмайтын, жалпы алаңы 3960 га, оның ішінде 2270 га егістік жер телімдері анықталды.

2015 жылдың 1 жарты жылында конкурс негізінде жалпы алаңы 2270,1 га, оның ішінде 766,6 га егістік, 70,0 га шабындық алқаптар және 1276,5 га жайылымдық алқаптар 5 жер телімдері берілді.

«Ауданның автомобиль жолдарының техникалық жағдайы, күтіп-ұстауы және жөндеуі туралы» Бородулиха ауданының ТҮКШ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Руслан Марватжанович Абдрахманов баяндама жасады.

Руслан Марватжанович өз баяндамасында жалпы қолданыстағы аудан аумағындағы жолдардың жағдайы туралы айтып өтті. Баяндамашыға аудандық мәслихаттың депутаты Талғат Айтқазыұлы Оразаев аудандағы жолдардың сапасы туралы өз пікірін айтып өтті және оларды жөндеуден өткізу туралы өтінішін білдірді.

Сонымен қатар, күн тәртібіндегі келесі басты мәселенің бірі «Өнеркәсіп, құрылыс, көлік, байланыс, кәсіпкерлік, заңдылық және құқықтық мәселелері бойынша тұрақты комиссиясының жұмысы туралы есеп». Осы мәселе бойынша депутат, аталған тұрақты комиссияның мүшесі Юрий Геннадьевич Ковязин баяндама жасады.

Қаралған барлық мәселелер бойынша бірауыздан сәйкес шешімдер қабылданды.

Аудандық мәслихат аппараты

Жуырда Бородулиха ауданының әкімі Г.Акуловтың төрағалығымен аудандық әкімдіктің кезекті отырысы өткізілді. Отырыс басында жаңадан тағайындалған ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы А.Байжұманов пен қаржы бөлімінің басшысы Ю.Суторминаны көпшілікке таныстырды. Күн тәртібінде бірнеше мәселелер қаралды. Ең бірінші кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі басшысының міндетін атқарушы С.Николаенконың «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасының жүзеге асырылу барысы туралы» есебі тыңдалды. «Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасы Үдемелі Индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бағыттарының бірі болып табылады. «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасының мақсаты өңірлік кәсіпкерліктің орнықты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету, сондай-ақ қазіргі тұрақты жұмыс орындарын сақтап қалу және жаңаларын құру болып табылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ағымдағы жылғы 31 наурыздағы № 168 қаулысымен «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы бекітілді, ол Қазақстан Республикасы Президентінің «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру үшін әзірленген. Аталған бағдарламаға дәл ауыл кәсіпкерлері үшін қолайлы бірқатар өзгерістер енгізілді. Сонымен «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы төрт бағыт бойынша, екі блокта – қаржылық және қаржылық емес қолдау бойынша іске асырылады. С. Николаенконың айтуы бойынша Бородулиха ауданында 2010 жылдан бастап бүгінгі күнге дейінгі аралықта жалпы сомасы 138,1 млн. теңгеге 7 жоба жүзеге асырылса, пайыздық мөлшерлемені субсидиялау бөлімінде 6 жоба қаржыландырылды. Атап айтқанда: «3 бірлік арнайы техника сатып алу», жобаның бастамашысы - «Алекс» ШҚ, жоба сомасы - 17,4 млн. теңге, «Нан-тоқаш өнімдерін өндіруді жаңғырту», жобаның бастамашысы – Хачатрян ДК, жоба сомасы – 12,5 млн.теңге, «Жүк тасымалдары», жобаның бастамашысы – Аштаева ДК, жоба сомасы – 12,5 млн. теңге, «Ет өнімдерін өндіру үшін айналым қаражатын толықтыру», жобаның бастамашысы – Скаков ДК, жоба сомасы - 6,5 млн. теңге, «Пластик бөтелкелерді өндіру», жобаның бастамашысы – Ремнев ДК, жоба сомасы – 7,0 млн. теңге, «4 бірлік трактор сатып алу және тұқым, тыңайтқыш сатып алу арқылы дәнді дақылдар мен күнбағыс өндірісін кеңейту», жобаның бастамашысы – «Ернар» ШҚ, жоба сомасы – 21,0 млн. теңге.

«Бизнестің жол картасы-2020» ОТЫРЫСТА КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

Соның ішінде 2 жобаға несие бойынша ішінара кепілдік беру бөлімінде қолдау көрсетілді, жалпы кепілдік сомасы 6,5 млн. теңге, олар: Скаков ДК, кепілдік сомасы – 3,3 млн. теңге, Ремнев ДК, кепілдік сомасы – 3,2 млн. теңге. Екінші бағыт бойынша жетіспейтін инфрақұрылымды жүргізу бөлімінде жалпы сомасы 61,2 млн. теңгеге 1 жоба қаржыландырылды – «Сарадеевка өзеніндегі тоғаннан жаңбырлата суару», жобаның бастамашысы «Е. Зайтенов» ШҚ. Бағдарламаға енгізілген өзгерістерге қатысты айтсақ, олардың бірнешеуін атап өту қажет:

Егер бұрын бағдарламаға қатысу үшін жоба бастамашысының жаңа бизнес идеясы немесе экономиканың басым секторларында жұмыс істеп тұрған бизнесі болуы қажет болса, қазір «моноқалаларда, шағын қалаларда және ауылдық елді мекендерде (оларға біз жатамыз) ісін жаңа бастаған және жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлер салалық шектеулерсіз қаржыландырылады». Бұдан әрі, мемлекеттік субсидиялау көлемі, жоғарыда аталған кәсіпкерлер санаттары үшін кредит/лизинг бойынша жылдық сыйақы мөлшерлемесінен 7%-дан 10%-ға дейін көбейді.

Яғни, бағдарламаға қатысу кезінде кәсіпкерге 14% несие беріледі, бұрын оның 7% субсидияланған, ал қазір 10%. Сонымен қатар бұрын ісін жаңа бастаған кәсіпкер 1 жылға дейін жұмыс істейтін кәсіпкер болып есептелген, қазіргі кезде салық органдарында үш жылға дейін тіркелгендер ісін жаңа бастаған кәсіпкер деп есептеледі. Тағы бір қажетті өзгеріс мынау болды, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін кепілдік бұрын жобаның жалпы құнынан 70% дейін болса, қазір жобаның жалпы құнынан 85% дейін болды деп баяндамашы осы бағдарламалардағы соңғы өзгерістерді тәптіштеп айтып берді. «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы халықтың іскерлік белсенділігін одан әрі ынталандырудың нақты жолдары көрсетілген.

Одан әрі әкімдік мүшелері мен шақырылғандардың назарларына «Бородулиха ауданында объектілердің құрылысы және «Қолжетімді баспана- 2020» бағдарламасының орындалу барысы туралы» «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс» бөлімінің басшысы И. Лаукарт ақпарат жасады: «Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасы 2012 жылы әзірленіп, қорғалған. 2019 жылға дейінгі кезеңге дейін ауданымызда құрылысы жоспарланған пәтерлер саны 250 құрайды. Бұл пәтерлер саны 2012 жылғы 1 қаңтарға бар кезектілікті есепке алып есептелді, сонымен қатар, балалар үйінің түлектерін баспанамен қамтамасыз ету қарастырылған. Бородулиха ауданында бағдарлама шеңберінде жаңа тұрғын үй құрылысы және ұзақ уақыт қолданылмайтын көп пәтерлі тұрғын үйлерді қалпына келтіру жоспарланған негізгі елді мекендер ретінде Бородулиха, Новопокровка ауылдары анықталды. Бородулиха ауылында 5 қабатты тұрғын үйді (60 пәтер) қалпына келтіру, Новопокровка ауылында 16 пәтерлі тұрғын үйді қалпына келтіру жоспарланып құрылыс жұмыстары басталып кетті. Бұл үшін 2012 жылы аудан бюджеті есебінен Бородулиха ауылы, Ф.Середин көшесі 40 мекенжайы бойынша ұзақ уақыт қолданылмайтын 5 қабатты тұрғын үйдің жеке меншік иелерінен 54 пәтер сатып алынды. Төлемақы сомасы 25,8 млн теңге құрады. Нысанды тапсыру 2015 жылдың күз айларында жоспарлануда. Дәл сондай, аудандық бюджет қаражаты есебінен Новопокровка ауылы Советская көшесі 11 мекенжайы бойынша 5,4 млн теңге сомасында 16 пәтерлі үй сатып алынып жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Болашақта, Бородулиха ауылының оңтүстік-шығыс бөлігінде, бекітілген бас жоспарға сәйкес құрылыстан бос жер телімдері анықталып, жаңа тұрғын үй құрылысы жоспарланды, атап айтқанда: жеті екі пәтерлі және төрт қырық пәтерлі үйлер деп өз баяндамасын аяқтады. Осы орайда сұрақтар қойылып, жауаптар берілді. Одан кейін «Переменовка және Таврия ауылдық округтеріндегі мәдени жұмыстар жайында, және іс-шаралардың өткізілуі туралы Переменовка ауылдық округінің әкімі А.Тұрлыбеков пен Таврия ауылдық округінің әкімі Г.Лазаревтер өз ақпараттарын ұсынды. Осы мәдени іс-шаралардың өтуі кеңінен талқыланып, оған халықтың жастардың қатысуы кеңінен сөз болды. Ендігі бір маңызды мәселе «Шөп шабу науқанына дайындық барысы мен оны жинап алу жөнінде»— ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы А.Байжұманов жиналғандарды ақпараттандырды. Тыңдалған есепке сәйкес қаулы қабылданып, ақпараттар мәліметке алынды. Аудан басшысы осы қаралған мәселер бойынша сала басшылары мен өз орынбасарларына нақты тапсырмалар берді.

М.АТАЕВА

ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ОТЫРЫСЫ

Жуырда Бородулиха ауданы әкімдігінің кіші залында құқық қорғау органдарының ведомствоаралық отырысы болып өтті. Осы келелі кеңеске Бородулиха ауданының әкімі Г.Акулов, комиссия мүшелері аудан прокуроры Д.Кенжебеков, Аудандық ІБ басшысы Қ.Синиязов, ҰҚК аудандық бөлім басшысы Е. Жақсыбаев, аудандық кіріс бөлімінің басшысы Н.Меджанов, аудандық Әділет басқармасының басшысы М.Байзақов, Бородулиха ауданы әкімі аппаратының жетекшісі С.Лазурын, аудандық ҚАЖД пробация бөлімшесінің басшысы С. Жұматаев, тағы басқада лауазымды тұлғалар, дербес бөлім басшылары мен мекеме басшылары қатысты. Күн тәртібінде бірнеше ақпарат тыңдалып, көпшілік талқысына салынды. Отырысқа Бородулиха ауданының әкімі Григорий Акулов төрағалық етті. Өз кезегінде Бородулиха аудандық ІБ басшысы Қ.Синиязов «Аудандағы ведомствоаралық өзара бірлесудегі жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылық, оның алдын-алу профилактикалық іс-шаралардың маңызы және қараусыз жүрген жасөспірімдер арасындағы түйткілді мәселелер жөнінде оларды заң жүзінде қорғау туралы» көлемді баяндама жасады. Осыған байланысты аудандық білім бөлімінің басшысы Н.Көкшебаева өзінің баяндамасын жасап, осы мәселелерге қатысты шығып сөйлеушілер өз ойларын кең көлемде ортаға салды.

(жалғасы 4-ші бетте)



ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ШҚО БОЙЫНША МОБИЛЬДІК ХҚКО ӨЗ ӨРІСІН КЕҢЕЙТУДЕ

Мобильдік ХҚКО Шығыс Қазақстан облысы бойынша шалғай елді мекендерге қызмет көрсетудің аймағын кеңейтетін болады. Егер бұрын мобильдік ХҚКО-лар 67 елді мекенге қызмет көрсетсе, енді ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап оған қоса 166 елді мекенге сапарға шығатын болады.

«ХҚКО» РМК ШҚО бойынша филиалының директоры Азамат Есембуловтың айтуынша, мобильдік ХҚКО-лардың басты міндеті – аудандық орталықтарға барып қызмет алуға мәжбүр болатын шалғай елді мекендерді алдағы уақытта толықтай қамтып, сапалы қызмет көрсету.

Еске сала кетейік, биылғы жылдың 16 наурызынан бастап Мобильдік ХҚКО-лар ЗТМО мен «Қазпочта» АҚ қызметтерін көрсетуді бастаған еді.

ЗТМО қызметкерлерінің халыққа барынша маңызды әлеуметтік қызметтерді көрсететіндігін атап өту керек, атап айтсақ олардың ішінде жәрдемақылар, зейнетақы төлемдерін тағайындау бар, ал «Қазпочта» АҚ қызметкерлері азаматтарға зейнетақы төлемдерін, әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау үшін шоттар ашуға көмектеседі, зейнетақыны жеткізетін болады және т.б.

Сондай-ақ Мобильдік ХҚКО сапарларының кестесі әкімдіктермен алдын ала келісілетін және аудандық әкімдіктердің сайттары мен өңірлік БАҚ-тарда жарияланатын болады. Бұдан басқа, мобильдік ХҚКО сапарларының кестесін «ХҚКО» РМК-ның www.con.gov.kz ресми порталындағы «Мобильдік ХҚКО» тарауынан табуға да болады. Қажет болған жағдайда, мобильдік ХҚКО-ның жоспардан тыс сапарға шығуын ұйымдастыру мүмкін болады. Қазіргі уақытта Қазақстанда 70 мобильдік ХҚКО қызмет ететіндігін атап өту керек.

Анықтама: ШҚО бойынша Мобильдік ХҚКО жыл басынан бері шалғай елді мекендерге 507 рет сапарға шығып, 10 мыңнан астам мемлекеттік қызмет көрсеткен.

А.АКИМБАЕВА,

«ХҚКО» РМК ШҚО бойынша филиалының Бородулиха аудандық бөлімінің инспекторы

УНИВЕРСИЯДА ЖАРЫСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ



Универсиада – дүниежүзілік студенттік спорт ойындары. Универсиада – Халықаралық Университеттік Спорт Федерациясының (ағылш. International University Sports Federation (FISU)) ұйымдастыруымен студенттер арасында өтетін халықаралық жарыс. Бұл дүбірлі доданы «Бүкіләлемдік студенттік ойындар» немесе «Бүкіләлемдік университеттік ойындар» деп те атайды. Мыңдаған талантты жастардың басын қосатын бұл ойындар екі жылда бір болып тұрады. Яғни бір жылы қысқы спорт түрлерінен өтсе, келесі жылы жазғы ойындар ойналады.

Осындай VIII-жазғы универсиада жарысы маусымның 30-ы мен шілденің 3-і аралығында Астана қаласында Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орнының студенттері арасында болып өтті. Осы Универсиадада ШҚО құрама командасының сапында өнер көрсетіп жүрген жерлесіміз Е.Сүлейменовтің шәкірті А.Қанапиянов Кикбоксан 57 келі салмақта бақ сынасып, 3 орынды жеңіп алды. Ақтық сында Павлодарлық спортшы бокстан спорт шебері, Кикбоксан Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Ш.Сыздықовпен кездесуінде жеңіс тауып қола жүлдені қанжығасына байлады.

Арнал бауырымызға әрқашанда жеңіс тұғырынан көріне берсін дегіміз келеді.

Т.ҚАЛИБАЕВ

СУ БАЛДЫРЛАРЫНЫҢ ЭНЕРГИЯСЫ

Немістің Гамбург қаласында су балдырларынан алынатын энергиямен қамтамасыз етілген әлемдегі әзірге жалғыз ғимарат бой көтерген. Жаңа құрылыс нысаны болашақта қаланың энергия қамту орталығы қызметін атқару мақсатында сынақтан өтіп жатыр. BIQ House үйінің қабырғалары су балдырларына толтырылған «биогенераторлардан» тұрады.

Айта кетсек, балдырлар Күн сәулесінің көмегімен өте жылдам өседі. Сонымен қатар, су балдырларынан ғимарат тұрғындарына азық дайындауға болады екен. Бұл жоба альтернативті энергия көзін табу мақсатында жүзеге асырылуда. Егер ұтымды жоба тәжірибе жүзінде сәтті нәтиже көрсетсе, адам баласы экологиялық таза энергияның жаңа көзіне қол жеткізген болады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан — 2050» Стратегиялық бағдарламасында әлемдегі дамыған отыз мемлекеттің қатарына ену жайында бастамасы халыққа ерекше серпін берді. Осы асқақ мұрат-мақсатты жүзеге асыру үшін Мемлекет басшысы “100 нақты қадам” ұлттық жоспарын ұсынды. «Президенттің кешегі сайлауалды бағдарламасында жарияланған Қазақстанның даму жолына арналған бес институтционалдық реформасы тек халықтың ғана емес, әлемдегі саясаттанушылардың назарын аударды. Президенттің сол сайлауалды бағдарламасында белгіленген бес институтционалдық рефор-

100 нақты қадам

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КЕЛЕШЕГІ ЗОР

масы Ұлт жоспарының бес тарауын құраған «100 нақты қадам» бағдарламасы кәсіби мемлекеттік аппарат құру мәселесінен басталуы да тегін емес. Сол сияқты «Заңның үстемдігін қамтамасыз ету» мен «Индустрияландыру және экономикалық өсім» тарауларындағы қадамдарда да елдің өркеніетті, дамыған қоғамға жету жолындағы жүзеге асырылуға тиісті шарттар мен міндеттерді алға тартады», “100 нақты қадам” ұлттық жоспары Қазақстан мемлекеттігін нығайтуға, жолдан адаспауға, күрделі кезеңнен сенімді өтуге жағдай туғызатын берік қор жасап, қоғам мен мемлекетті түбегейлі қайта өзгертуге негізін қалайды.

А.ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,
аудандық мұрағат директоры

ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ОТЫРЫСЫ



(Басы 3-ші бетте)
Көтерілген екінші мәселеде «Өз жазасын өтеген жандарды әлеуметтік жұмыстарға тарту мен тәрбиелеу мәселелері жөнінде» Бородулиха

аудандық ІІБ басшысы Қ.Синиязов баяндама жасаса, ал, аудандық әдеуметтік бағдарламалар мен жұмыспен қамту бөлімі басшысының орынбасары Оксана Морозова өз ақпаратымен жиналғандарды таныс етті.

Одан кейін келесі мәселеде «Қылмыстық-құқықтық жазаға тартылғандардың қылмыстарын қайталауға байланысты қайтадан жазалауда құқық қорғау органдарының ведомстваралық өзара әрекеттерімен қоғамдық ұштастыру мәселелері жөнінде» аудандық пробация қызмет бөлімшесінің аға инспекторы А.Баймадиева баяндама жасап, қылмыстық кодекске енгізілген жаңа өзгерістерді түсіндіріп өтті. Отырысты аудан әкімі Г.Акулов қортындылады. Иә, бүгінгі заманда, қазіргі қоғамдағы ең маңызды мәселелердің бірі – әсіресе, жасөспірімдер мен ересектер арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың көбеюін азайту. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін балаларымыздың бойында дұрыс құқықтық тәрбие мен құқықтық білім беруіміз керек.

М. БАЛАБАЙҚЫЗЫ

Рамазан айы мүбәрәк болсын

«Рамазан айы сондай бір ай - ол айда адам баласына тура жол және ақ пен қараны айыратын дәлел түрінде Құран түсірілді» – деп мұсылман қауымына ораза ұстауды парыз етті. Ораза - мұсылманның үшінші парызы. Ол күнәдан сақтайтын берік қамалы, нәпсіні тізгіндеп, тәрбиелеудегі басты құралдың бірі. Имандылықты орнықтырып, арттыра түсер ғибадат. Ораза кезінде адамдар қанағаттың, сабырлықтың маңыздылығын сезініп, қадірлеуді үйренеді. Ораза тұту рухани әлеуметтік тұрғыдан алып қарағанда да, медициналық жағынан да аса пайдалы. Сондықтан барлық ораза ұстап, ауыз бекіткен мұсылман қауымына Оразаларыңыз қабыл болсын дейміз.

Ежелден мұсылмандықты берік ұстанған қазақ пен татар халқы мекендейтін Зубаир ауылында да ораза ұстаған ақсақалдар мен әжелеріміз бар.

Маусым айының 30-ы күні кешкілік ауылдық округ әкімшілігі, ауыл әкімі Ойрат Сырлыбайұлының басшылығымен ораза тұтқан ауыл тұрғындарына ауыз ашар ас берді. Ауыз ашарға ақсақалдар, апаларымыз және ауылымыздың ораза ұстаған әрбір тұрғыны келіп дастарханға жайғасты. Оған округтегі үш ауыл Зубаир, Байтанат, Жанаауыл ауылдарынан ораза тұтқан адамдар, сондай-ақ ауданымыздың Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Байжанов Оралғазы ақсақал шақырылды. Оралғазы ақсақал: - «өткізіліп отырған шара ауданда бірінші рет, бұл ауыл халқының береке-бірлігінің арқасы және білікті басшының еңбегінің нәтижесі



деп ойлаймын. Мен Зубаир ауылын қаймағы бұзылмаған тату тәтті бір үйдің баласындай, туыс-бауыр болып кеткен ағайындар мекені деп білемін» деп мұсылмандық парыз, ораза туралы ойларымен бөлісті. Ауыл имамы Тоқтар Қажығалиұлы рамазан айындағы оразаға байланысты әрбір ораза тұтқан адамның қандай жақсылықтарға, Алланың ризашылығына бөленетіндерін айтып, мысалдар келтірді. Сонымен қатар аузы берік адамды шын көңілімен қара сумен болса да ауызашарға шақырған адамға да, Алла тағаланың ризашылығы зор болатынын, ауыл әкімінің қызметіне табыс, жанұясына жақсылық тілейтінін айтты. Ауданнан келіп дастархандас болған Оралғазы ақсақалға ризашылығын білдірді. Дастархан үстін бесбармақ, тоқаш, бауырсақ, шелпек, қымыз тағы да басқа дәмді ұлттық тағамдарға толтыруға атсалысқан ауыл азаматтары мен азаматшалары Р.Мендекеев, Е.Шежімбаев, Б.Ерубаяева, З.Сүйіндікова, Ү.Жүсіпова және ауылдың әйелдер кеңесінің төрайымы Р.Донкина, әйелдер кеңесінің мүшелері Ғ.Жылбаева, Ү.Құрманғалиева, А.Хисамутдинова, А.Темірғалиева сияқты жомарт жандарға Рамазан айында жасаған жақсылықтарыңыз Алладан қайтсын дегіміз келеді.

Ораза тұтушы ішіп-жеуден тиылып, шөл қысқан кезінде шөлдегендерді, қарыны ашқан кезде ашыққандарды есіне алады. Бұл оны мұқтаж адамдарға көмектесуге ұмтылдырады. Ол барлық мұсылмандарды бірлік, ынтымаққа шақырады.

Құрметті Зубаир ауылының тұрғындары! Баршаңызға Рамазан айы мүбәрәк болсын, күллі Ислам әлеміне қайырлы да, берекелі болсын. Рамазан айы еліміз бен жерімізге тоқшылық пен молшылық әкелсін!

А.ЖУКЕНОВА, Зубаир а/о кітапханашысы

Шығыс Қазақстан облысының Бородулиха аудандық мәслихатының 2015 жылғы 26 маусымдағы № 33-7-V шешімі 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 22-2-V «Бородулиха ауданының аудандық аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» шешімге өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 10, 19- баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 -бабына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының Бородулиха аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Бородулиха аудандық мәслихатының 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 22-2-V «Бородулиха ауданының аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларын сайлау туралы» шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған шешімнің № 17 «№ 377 Бородулиха ауданы Бородулиха ауылының учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» қосымшасында комиссия мүшелігіне сайлансын:

«Қазақстанның коммунистік халықтық партиясы» қоғамдық бірлестігінен Кунанбаева Замзагуль Рысбековна;

жоғарыда аталған шешімнің № 20 «№ 382 Бородулиха ауданы Дмитриевка ауылының учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» қосымшасында комиссия мүшелігіне сайлансын:

«Ақ жол» Қазақстанның Демократиялық партиясы ҚБ Ашимжанова Айжан Насирденовна; жоғарыда аталған шешімнің № 22 «№ 384 Бородулиха ауданы Подборный ауылының учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» қосымшасында комиссия мүшелігіне сайлансын:

«Ардагерлер кеңесі» АҚБ Шабакпаева Дана Кажыгелдіқызы;

жоғарыда аталған шешімнің № 22 «№ 384 Бородулиха ауданы Подборный ауылының учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» қосымшасында комиссия мүшелігіне сайлансын:

«Қазақстанның коммунистік халықтық партиясы» қоғамдық бірлестігінен Нурлыбекова Надежда Викторовна;

жоғарыда аталған шешімнің № 26 «№ 388 Бородулиха ауданы Белағаш ауылдық учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» қосымшасында комиссия мүшелігіне сайлансын:

«Ардагерлер кеңесі» АҚБ Кубаева Умыткан Жумахановна;

жоғарыда аталған шешімнің № 29 «№ 393 Бородулиха ауданы Степной ауылдық учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» қосымшасында комиссия мүшелігіне сайлансын:

«Ардагерлер кеңесі» АҚБ Бескровный Виктор Александрович;

жоғарыда аталған шешімнің № 31 «№ 395 Бородулиха ауданы Дмитриевка ауылдық учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» қосымшасында комиссия мүшелігіне сайлансын:

«Қазақстанның коммунистік халықтық партиясы» қоғамдық бірлестігінен Дисюпова Райгуль Мубаракқызы;

«Ардагерлер кеңесі» АҚБ Дюсетаева Парида Нұрғалиқызы;

жоғарыда аталған шешімнің № 32 «№ 396 Бородулиха ауданы Бақы ауылдық учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» қосымшасында комиссия мүшелігіне сайлансын:

«Қазақстанның белсенділер партиясы» ҚБ Сатвальдинова Назилия Куспекқызы;

«Ақ жол» Қазақстанның Демократиялық партиясы ҚБ Масиков Ринат Кайратұлы;

жоғарыда аталған шешімнің № 33 «Бородулиха ауданы Новодворовка ауылдық округінің № 397 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» қосымшасында комиссия мүшелігіне сайлансын:

«Ақ жол» Қазақстанның Демократиялық партиясы ҚБ Громов Николай Викторович;

жоғарыда аталған шешімнің № 35 «Бородулиха ауданы Новодворовка ауылдық округінің № 399 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» қосымшасында комиссия мүшелігіне сайлансын:

«Ауыл» ҚЭДП Ковредова Екатерина Валентиновна;

«Қазақстанның белсенділер партиясы» ҚБ Баканова Наталья Николаевна;

жоғарыда аталған шешімнің № 36 «Бородулиха ауданы Переменовка ауылдық округінің № 400 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» қосымшасында комиссия мүшелігіне сайлансын:

жоғары тұрған сайлау комиссиясынан Ахметова Маржан Аширханқызы;

«Ақ жол» Қазақстанның Демократиялық партиясы ҚБ Ахметова Дана Жагипарқызы;

«Ауыл» ҚЭДП Бастамиев Самат Серикулы;

жоғарыда аталған шешімнің № 37 «Бородулиха ауданы Переменовка ауылдық округінің № 401 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» қосымшасында комиссия мүшелігіне сайлансын:

«Ауыл» ҚЭДП Отеулина Куралай Байжакынқызы;

жоғарыда аталған шешімнің № 38 «Бородулиха ауданы Переменовка ауылдық округінің № 402 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» қосымшасында комиссия мүшелігіне сайлансын:

«Ақ жол» Қазақстанның Демократиялық партиясы ҚБ Акчалова Салтанат Жанғазықызы;

«Ардагерлер кеңесі» АҚБ Бексейтова Нурсулу Рысқанқызы;

«Қазақстанның белсенділер партиясы» ҚБ Дегенгарт Анна Эдуардовна;

жоғарыда аталған шешімнің № 39 «Бородулиха ауданы Жезкент кенттік округінің № 403 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» қосымшасында комиссия мүшелігіне сайлансын:

«Қазақстанның белсенділер партиясы» ҚБ Кундызбаева Енлик Серікбекқызы;

жоғарыда аталған шешімнің № 41 «Бородулиха ауданы Новопокровка ауылдық округінің № 405 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» қосымшасында комиссия мүшелігіне сайлансын:

«Ардагерлер кеңесі» АҚБ Ордыбаева Айгуль Серікқазықызы;

жоғары тұрған сайлау комиссиясынан Жакупова Нагима Капарқызы;

жоғарыда аталған шешімнің № 50 «Бородулиха ауданы Петропавловка ауылдық округінің № 415 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы» қосымшасында комиссия мүшелігіне сайлансын:

«Ақ жол» Қазақстанның Демократиялық партиясы ҚБ Матасов Евгений Андреевич;

